

А.Ш. Асқарова^{1*}, Л.М. Демесинова², Б.К. Хасанова³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Абай академиясы»
ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан

³Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹altynay.askarova74@gmail.com, ²lmdemessin@gmail.com, ³bayan101086@gmail.com

ORCID: ¹0000-0001-8434-9610, ²0000-0002-2414-7360, ³0000-0003-0737-3873

АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕРДЕГІ АРХЕТИП ОБРАЗДАР

Аңдатпа. Мақаланың кіріспе бөлімінде қазақ ауыз әдебиетінің маңызды жанры саналатын аңыздық проза мен оның тарихи-мәдени қызметі талданады. Түркі халықтарының рухани мұрасын қазіргі дәуірге жеткізудегі аңыздардың рөлі, сондай-ақ Ш.Уәлиханов бастаған отандық және шетелдік ғалымдардың ауыз әдебиеті мұраларын жинақтау, жүйелеу мен ғылыми айналымға енгізудегі еңбектері қарастырылады. Халық прозасының жанрлық жіктелуі, оның поэтикалық және танымдық ерекшеліктері, С.Қасқабасов тұжырымдары негізінде жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар аңыз кейіпкерлерінің архетип табиғаты, олардың мәдени семиотикалық кеңістіктегі тарихи-рухани мәні мен ремифологиялану үдерістері ғылыми тұрғыда түсіндіріледі. Зерттеу нәтижесінде аңыздардың ұлттық болмысты сақтаудағы, тарихи жадыны қалыптастыру мен мәдени архетиптерді қайта жаңғыртуға маңызы айқындалды. Сонымен қатар зерттеу мақаласы қазақ аңыз-әңгімелеріндегі архетип бейнелердің ұлттық мәдениеттегі рөлін талдауға арналған. Зерттеу аясында аңыздардағы тұлғалық, тарихи және рухани кейіпкерлердің архетип мәні айқындалды. Архетип ұғымын XX ғасырдың басында Карл Густав Юнг енгізген психологиялық тұжырымдамалар арқылы түсіндіріліп, олардың тұлғаның бейсаналық деңгейіндегі эмоционалды қуаты мен мәдени сананы қалыптастырудағы рөлін ашуға мүмкіндік туды. Мәтіндер мен аңыздардағы Мәшһүр Жүсіп, Бекет Ата және Абылай хан бейнелері зерттеліп, олардың әулиелік, батагөйлік, көріпкелдік, батырлық сияқты қасиеттері архетип тұрғысында талданды. Зерттеу барысында аңыздардағы тарихи және нақты өмірде болған тұлғаларға сүйене отырып, ұлттық танымды, моральдық құндылықтарды және рухани тәжірибені жеткізетінін көрсетті. Сондай-ақ аңыздық сюжеттер мен кейіпкерлердің тұрақты формалық және эмоциялық белгілері олардың мәдени мұрадағы орнының маңызы екенін дәлелдеді. Нәтижесінде, зерттеу ұжымдық бейсанада қалыптасып, қазақ аңыздары мен архетип бейнелерінің ұлттық мәдениет пен әдебиеттегі интеграциялық маңызын ғылыми тұрғыда айқындалды. Зерттеу әдебиеттану, этнология және мәдениеттану салаларында кешенді талдау жасауға мүмкіндік беріп, тарихи тұлғаларды мәдени архетип ретінде зерттеудің теориялық негізін көрсетеді.

Алғыс: Зерттеу жұмысы АР26104063 «Аңыз әңгіме кейіпкерлерінің визуалды портретін әзірлеудің филологиялық негізі және практикалық маңызы» гранттық қаржыландыру аясында орындалды.

Кілт сөздер: ауыз әдебиеті, аңыз, архетип, тарихи тұлға, ұжымдық бейсаналық.

A.Sh. Askarova^{1*}, L.M. Demessinova², B.K. Khassanova³

^{1,2}Research Institute «Abai Academies», L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹altynay.askarova74@gmail.com, ²lmdemessin@gmail.com, ³bayan101086@gmail.com

ORCID: ¹0000-0001-8434-9610, ²0000-0002-2414-7360, ³0000-0003-0737-3873

ARCHETYPAL IMAGES IN LEGEND NARRATIVES

Abstract. The introductory section of the article examines legendary prose as one of the most significant genres of Kazakh oral literature and analyzes its historical and cultural functions. Special attention is paid to

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

А.Ш. Асқарова, Л.М. Демесинова, Б.К. Аңыз әңгімелердегі архетип образдар // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 98-111. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-06>.

the role of legends in transmitting the spiritual heritage of Turkic peoples to the present day, as well as to the scholarly contributions of Kazakhstan and foreign researchers, beginning with Sh.Valikhanov, who collected, systematized, and introduced oral literary materials into academic circulation. The genre classification of folk prose and its poetic and cognitive characteristics are comprehensively described based on the theoretical concepts of S.Kaskabasov. In addition, the archetypal nature of legendary characters, their historical and spiritual significance within the cultural semiotic space, and the processes of remythologization are interpreted from a scholarly perspective. The article further focuses on analyzing the role of archetypal images in Kazakh legend narratives within the context of national culture. The study identifies the archetypal significance of personal, historical, and spiritual characters represented in legends. Drawing on the psychological theories introduced by Carl Gustav Jung in the early twentieth century, the concept of the archetype is explored to reveal its emotional power at the level of the unconscious and its role in shaping cultural consciousness. The legendary images of Mashhur Zhusip, Beket Ata, and Abylai Khan are examined, and their qualities – sanctity, the ability to bestow blessings, prophetic insight, and heroism are analyzed from an archetypal perspective. The research demonstrates that legends, grounded in historically real figures, serve as a means of transmitting national worldview, moral values, and spiritual experience. It also establishes that the stable formal and emotional features of legendary plots and characters determine their significant place in cultural heritage. As a result, the study substantiates the integrative importance of Kazakh legends and their archetypal images, formed within the collective unconscious, for national culture and literature. The research provides a theoretical foundation for comprehensive analysis in the fields of literary studies, ethnology, and cultural studies, and contributes to the conceptualization of historical figures as cultural archetypes.

Acknowledgements: This research was carried out within the framework of grant funding AP26104063 «Philological foundations and practical significance of developing a visual portrait of legend characters».

Keywords: oral literature, legend, archetype, historical figure, collective unconscious.

А.Ш. Аскарова^{1*}, Л.М. Демесинова², Б.К. Хасанова³

^{1,2}Научно-исследовательский институт «Абай академиясы», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилёва, Астана, Казахстан

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹altynay.askarova74@gmail.com, ²lmdemessin@gmail.com, ³bayan101086@gmail.com

ORCID: ¹0000-0001-8434-9610, ²0000-0002-2414-7360, ³0000-0003-0737-3873

АРХЕТИПИЧЕСКИЕ ОБРАЗЫ В ЛЕГЕНДАХ

Аннотация. Во вводной части статьи анализируется легенды как один из важнейших жанров казахского устного народного творчества и раскрывается ее историко-культурная функция. Рассматривается роль легенд в передаче духовного наследия тюркских народов в современную эпоху, а также вклад отечественных и зарубежных ученых, начиная с Ш.Уалиханова, в сбор, систематизацию и введение памятников устной словесности в научный оборот. Жанровая классификация народной прозы, ее поэтические и познавательные особенности всесторонне характеризуются на основе концепций С.Каскабасова. Кроме того, с научной точки зрения осмысливается архетипическая природа персонажей легенд, их историко-духовное значение в культурно-семиотическом пространстве и процессы ремифологизации. В статье также проводится анализ роли архетипических образов в казахских легендарных повествованиях в контексте национальной культуры. В рамках исследования выявляется архетипическое значение личностных, исторических и духовных персонажей легенд. Понятие архетипа интерпретируется на основе психологических концепций, введенных Карлом Густавом Юнгом в начале XX века, что позволяет раскрыть их эмоциональную силу на уровне бессознательного и роль в формировании культурного сознания. В работе исследуются образы Мәшһүр Жүсіпа, Бекет Аты и Абылай хана в легендах, анализируются их качества – святость, благословляющая миссия, пророческий дар и героизм – с архетипической точки зрения. В ходе исследования показано, что легенды, опираясь на реально существовавших исторических личностей, передают национальное мировосприятие, моральные ценности и духовный опыт. Также доказывается, что устойчивые формальные и

эмоциональные характеристики легендарных сюжетов и персонажей определяют их значимое место в культурном наследии. В результате исследования с научных позиций обосновано интегративное значение казахских легенд и их архетипических образов, сформированных в коллективном бессознательном, для национальной культуры и литературы. Работа создает основу для комплексного анализа в области литературоведения, этнологии и культурологии, а также вносит вклад в теоретическое осмысление исторических личностей как культурных архетипов.

Благодарность: Исследование выполнено в рамках грантового финансирования AP26104063 «Филологические основы и практическое значение разработки визуального портрета персонажей легендарных повествований».

Ключевые слова: устная литература, легенда, архетип, историческая личность, коллективное бессознательное.

1. Kіріспе

Түркі халықтарының көне рухани болмысын бүгінгі күнге жеткізген негізгі қазынаның бірі – аңыздық мұралар. Уақыт өте келе ауызша тараған көркемсөз үлгілері қағазға түсіріліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан құндылыққа айналды. Осындай мұралардың сақталуына және жыр мен ертегіден бөлек, аңызды тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты туынды ретінде алғаш жүйелеп анықтама берген Ш.Уәлиханов және оның ізбасар ғалымдарының еңбегі орасан. Г.Н. Потанин «Шоқан қысқа уақытта ерекше дамып, орыс жолдастарынан озық түсті» (Потанин, 1968) деп бағалағандай, Ш.Уәлиханов түркі халықтарының тарихын терең зерделеп, ғылымға құнды мәліметтер енгізген тұлға. Оның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқасын қағазға түсіруі мен кешендегі мүсіндерді графикалық түрде бейнелеуі – қазақтың көркем сөзін визуалды форматта алғаш жүйелеген еңбектердің бірі саналады. 1856 жылғы сапарында зерттеуші аталған кешенге қайта барып, мазардың ішкі-сыртқы көрінісі мен мүсінтастарды нобайлап түсірген. Бүгінгі күнге дейін сақталған бұл суреттер Шоқан қалдырған өзіндік графикалық мұраның маңызды бөлігі екені белгілі (Мұқтарұлы, 1985).

Сонымен қатар XVIII-XIX ғасырлардан бастап В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.Е. Алекторов, Ә. Диваев, Ы. Алтынсарин, М.-Ж. Көпеев, Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Е. Ысмайылов, С. Қасқабасов сияқты ғалымдардың еңбектері қазақ ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыдан тануға үлкен үлес қосты. Қазақ әдебиеттануында халық прозасы жанрлық жағынан жүйеленіп, олардың типологиялық жағынан ортақ ұқсастықтары мен көркемдік-эстетикалық тұтастығы ғылыми негізде сараланды. С.Қасқабасов халық прозасын аңыздық және ертегілік деп екі негізгі топқа бөліп, жанрлардың поэтикасын, ерекшеліктерін, даму арналарын жан-жақты сипаттап көрсеткен. Ол халық прозасы өмірлік оқиғаларды шынайылыққа барынша жақын етіп баяндауға ұмтылатынын атап өтеді (Қасқабасов, 2014: 68), сол арқылы аңыздық прозаның миф, хикая, эпсана, хикаят секілді жанрлық түрлерін анықтайды.

Қазақ аңыз-әңгімелерінің ұлттық мәдениеттегі орны ерекше: олар тәрбиелік, танымдық, ғибраттық және эстетикалық құндылықтармен қатар, тарихи ақпаратты да сақтайды. Тақырыптық тұрғыдан олар мекендік, махаббат, батырлық және тарихи аңыздар сияқты бірнеше топқа жіктеледі. Сондай-ақ кейбір аңыздық негіздегі тарихи оқиғалар күй өнері арқылы («Ақсақ құлан», «Тепеңкөк», «Нариген», «Шұбар киік» т.б.) бүгінге жеткен.

Аңыздар көбіне нақты өмірде болған тұлғалар мен оқиғаларға негізделеді. Ел есінде сақталған дана, батыр, ел басқарған қайраткерлер, сонымен қатар халықтың даналық болмысына айналған тұлғалар (Асан Қайғы, Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр, Қорқыт және басқалар) аңыздық прозаның басты кейіпкерлері. Ал нақты тарихи есімдерге құрылған аңыздарда Бегім ана, Қорқыт, Шыңғыс хан, Жошы, Тоқтамыс, Темір, Абылай, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет ата, Мәшһүр Жүсіп сияқты тұлғалардың халық жадындағы бейнелері көрініс табады.

Қазақ аңыз-әңгімелері туралы ғылыми зерттеулерде олардың жанрлық табиғаты, тақырыптық жіктелуі, тарихи негіздері мен көркемдік ерекшеліктері кеңінен қарастырылғаны белгілі. Әсіресе, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов еңбектерінде аңыздық прозаның халықтық дүниетаныммен, тарихи оқиғалармен байланысы жан-жақты сипатталған. Алайда аңыз кейіпкерлерінің бейнесін архетиптік тұрғыдан, яғни ұжымдық жады, мифологиялық сана және мәдени семиотика аясында жүйелі талдау мәселесі әдебиеттануда әлі де тереңдетуді қажет етеді. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық рухани мұраны жаңа теориялық ұстанымдармен зерделеу, аңыз образдарының бүгінгі мәдени санадағы қызметін айқындау – өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, аңыз-әңгімелердегі архетип образдарды тарихи және қазіргі таным сабақтастығында қарастыру қазақ рухани мәдениетінің тұтастығын тануға мүмкіндік береді.

Мақалада қазақ аңыз-әңгімелеріндегі кейіпкерлер алғаш рет архетип теориясы тұрғысынан кешенді түрде талданып, олардың мифологиялық, символдық және тарихи қырлары біртұтас жүйеде қарастырылады. Бұрынғы зерттеулерде аңыз кейіпкерлері көбіне нақты тарихи тұлға немесе фольклорлық образ ретінде сипатталса, зерттеу еңбекте олардың ұжымдық санада қалыптасқан тұрақты архетипке айналу үдерісі, демифологиялану мен ремифологиялану құбылыстары арқылы жаңаша мәнге ие болуы айқындалады. Сонымен қатар аңыз кейіпкерлерінің мәдени семиотикалық кеңістіктегі қызметі анықталып, олардың ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы рөлі жаңа қырынан пайымдалады. Осы арқылы зерттеу қазақ аңыздық прозасын қазіргі гуманитарлық ғылым талаптарына сай жаңаша интерпретациялауға бағытталғанымен ерекшеленеді.

2. Зерттеу материалы және әдістері

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында кешенді гуманитарлық әдіснама қолданылды. Аңыздық прозаның жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық құрылымы мен мазмұндық жүйесін анықтау мақсатында салыстырмалы-тарихи әдіс негізге алынды. Сонымен қатар Ш. Уәлиханов, С. Қасқабасов және басқа да ғалымдардың аңыздық прозаға қатысты ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынып, зерттеудің теориялық негізі айқындалды. Бұл әдіс аңыздардың тарихи-мәдени контекстін ашуға, олардың халық санасындағы қызметін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің келесі кезеңінде аңыз кейіпкерлерінің архетип табиғатын анықтау үшін архетип әдеби сыны, мифопоэтикалық және мәдени-семиотикалық талдау әдістері қолданылды. К.Г. Юнгтің архетип және ұжымдық бейсаналық теориясы

негізінде кейіпкерлердің тұрақты образдық белгілері, символдық семантикасы мен эмоциялық әсер ету механизмі зерделенді. Бұл ретте, архетип әдеби сыны, яғни аңыз әңгімелердегі архетип образдар мен мотивтердің, архетип сюжеттердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындауда тиімді қолданылды. Сонымен қатар герменевтикалық және интерпретациялық тәсілдер арқылы аңыздық тұлғалардың (Мәшһүр Жүсіп, Бекет Ата, Абылай хан) рухани, моральдық және тарихи мәні түсіндірілді. Бұл әдіснама аңыз мәтіндерін тек фольклорлық дерек ретінде емес, ұлттық мәдениеттің архетип кодтарын сақтаушы рухани феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

2.2. Зерттеу материалы

Негізгі зерттеу материалы ретінде қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелер мәтіндері алынып, оларға тарихи-әдеби талдау жүргізілді. Нақты айтқанда, «Аңыз әңгімелер» (2023) және «Тарихи және күй аңыздар» (2023), «Әдеби мұра» (1970) жинақтарындағы мәтіндер, сондай-ақ Абылай хан туралы аңыздар қамтылған «Абылай хан» (1993) еңбегі негізгі эмпирикалық материал қызметін атқарды. Бұл мәтіндердегі кейіпкерлердің архетип ерекшеліктері, сюжеттер мен мотивтердің тұрақтылығы жан-жақты талданды.

Зерттеудің теориялық және ғылыми-әдіснамалық негізін Г.Н. Потанин, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек (2023) еңбектері құрады. Сондай-ақ архетип теориясын талдау барысында К.Г. Юнгтің «Архетип және символ» (1991), «Жан және миф» (1996), «Архетиптер және ұжымдық бейсаналық» (2020) еңбектері, Э.Нойманнның «Психоанализ және өнер» (1998), Е.М. Бабосов (2009), Д.Добсон (2005) еңбектері мен кейіннен орыс әдебиеттануында Е.М. Мелетинскийдің «Әдеби архетиптер туралы» (1994), А.Ю. Большакованың «Архетип теориясы және концептология» (2012) зерттеулері, қазақ әдебиеттануындағы Т. Әсемқұлов, С. Қондыбай, Ж. Аймұхамбет, М.Оразбек, А.Абдырова және басқа да ғалымдардың зерттеулеріндегі тұжырымдар пайдаланылды. Мәшһүр Жүсіп пен Бекет Ата бейнелерін ашуда Ә. Пазылов (2008) пен Р. Қосбармақ (2015) еңбектері қосымша дереккөз ретінде тартылды. Аталған материалдар зерттеудің теориялық және мәтіндік негізін қамтамасыз етіп, аңыз кейіпкерлерінің архетип табиғатын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік берді.

3. Талқылау

XX ғасырдың басында психоанализ ғылымында архетип ұғымын алғаш ғылым айналымға енгізген швейцарлық ғалым Карл Густав Юнг архетипті адам бейсанасының негізгі құрылымдық элементі ретінде қарастырды. Юнгтің түсінігі бойынша архетип – бұл жеке тәжірибеден бұрын пайда болатын, бейсаналық деңгейде қалыптасқан алғашқы бейне, бастапқы үлгі немесе прототип. Ол барлық мәдениет пен тарихи кезеңдерде көрініс табатын символикалық формалар, олардың мазмұны маңызды емес, бастысы олар эмоционалды күшке ие сыртқы модель ретінде адам психикасына әсер ететінін атап өтеді (Юнг, 1996: 211).

Юнгтің пікірінше, архетиптер тарихи дәуірлер мен мәдениеттер арқылы беріле отырып, адамның сана мен бейсанасының үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Платондық дәстүрмен салыстырғанда, архетиптер идеялардың түпнұсқасы ретінде қарастырылады, яғни олар материалдық әлемге дейін және одан жоғары тұратын мәнді білдіреді. Corpus Hermeticum мәтіндерінде құдай «архетип жарық» ретінде

бейнеленіп, барлық жарықтың түпнұсқасы болып саналады. Аталған ұғым архетиптің жоғары деңгейдегі, бастапқы бейнелерін сипаттауға мүмкіндік береді. Кейіннен архетипке А.Бастиан «қарапайым идея» деген анықтама берсе, Дюркгеймнің артынан ерген Юбер мен Мосс бастаған зерттеушілер қиылды категория деп түсіндірді.

Архетип психоаналитикалық тұрғыдан зерделеніп, З. Фрейд жеке бейсаналық ұғымымен байланыстырса, архетипке ұжымдық бейсаналық тән екенін түсіндірген де К.Г. Юнг болды. Сонымен қатар ғалым архетиптің сәби, ана, анима/анимус, абыз қарт, ұлы ана сияқты түрлерін ұсынып, көне мифтер мен аңыз әңгімелердегі архетип сюжеттер мен образдарды осы алты архетип түрлері негізінде түсіндіріп отырды. Архетиптің әдеби шығармашылықпен байналысын тереңірек зерттеген Э. Нойманн мен К. Юнгтің «Психоанализ және өнер» (1998) еңбегін баса айту маңызды. Авторлар көркем шығарма қандай жанрада не түрде болса да, оның негізгі мазмұны адамзат санасында ертеден қалыптасқан априорлы түсініктерден алынады. Себебі бейсанасында сақталған архетип – халықтың өткен өмірінің айнасы, жүріп өткен жолы мен тәжірибесінің көрінісі іспетті деген пікір білдіреді (Нойманн, 1998: 129). Әдеби архетиптердің қалыптасуын кеңінен зерттеген Мелетинский адамзаттың дүниені тану нәтижесінде мифтердің пайда болуы, оның әлем, қоршаған орта, ғалам мен хаос туралы алғашқы түсініктер миф арқылы танылғандықтан, мифтік танымға баса назар аударады. Әлемді жаратушы түрлі құдайлар мифтер арқылы танылса, мәдени қаһармандар, демиург, ілкі ата, тотемдік ұғымдар адамзат дамуындағы ұжымдық кезеңнің пайда болуымен түсіндіріледі (Мелетинский, 1994: 83).

Әдебиеттану саласында архетип ұғымы кеңінен қолданылады, себебі ол шығармалардағы образдардың құрылымдық негізін түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиетінде архетип талдау арқылы дәстүрлі мәдени кодтарды, тұлғалық ерекшеліктерді және рухани құндылықтарды анықтау мүмкіндігі бар. Мысалы, А.О. Абдырова Қ. Жүсіп шығармаларындағы архетип бейнелерді зерттей келе, олар қазақ ментальді кеңістігінің қалыптасу арналарын көрсететінін атап көрсетеді. Автордың пікірінше, Мәшһүр Жүсіптің тұлғалық келбеті мен бұрын назардан тыс қалған қырлары осы архетип негізде көрінеді (Абдырова, 2023).

Мәшһүр Жүсіптің архетип бейнесі аңыз әңгімелерде әулиелік сипатта көрінеді. «Жын-перілерде қонақта» атты аңызда немерелерімен Баянауылға сапарға шығып, төбесі құлаған үйде дұға оқыған сәтте дастарқанның өздігінен жайылуы арқылы тылсым күш көрсетіледі. Бұл оқиға адамның бейсаналық деңгейі мен эмоциялық әсердің архетип қуатын нақты көрсетеді, яғни архетип тек символдық мәнге ие емес, сондай-ақ психологиялық тәжірибе мен эмоционалды энергияны да қамтиды (Пазылов, 2008: 19).

Қазақ әдебиетінде Бекет Ата тұлғасы да архетип бейнелер арқылы танылған. Аңыздарда ол әулиелік, батагөйлік және емшілік қасиеттерімен ерекшеленеді. «Атаға әруақ қонуы» аңызында Бекет Ата өзен үстінде көрінбейтін құбылысты байқап, оны Құдайдың белгілері ретінде түсінеді, бұл оның рухани және моральдық жетекші тұлға ретіндегі бейнесін көрсетеді (Қосбармақ, 2015: 122). Басқа аңыздарда Бекет Ата жеті балапанын ерткен аққу бейнесінде бейнеленіп, этностық рухани бірлік пен ұжымдық бейсаналық қабаттарды қалыптастырады.

Архетиптердің маңызды қасиеті – олар белгілі бір уақыт пен кеңістікке тәуелді болмай, әртүрлі мәдени және тарихи контексттерде көрініс табуымен ерекшеленеді. Бұл ретте, әдебиеттанушы Л. Демесінова да өз зерттеулерінде «Архетип – «қатып қалған» ұғым емес, керісінше жеке тұлға мен ұлттың ұжымдық бейсанасында әртүрлі дәуірлер бойы сақталып, поэзия, көркем проза және өнердің сан алуан формаларында қайта жаңғырып отыратын концептілер жүйесі» деп келтіреді (Демесінова, 2025: 508). Юнг архетиптердің мазмұнын психологиялық әсер тұрғысынан қарастырады, олардың эмоционалды энергиясы адаммен өзара әрекеттесіп, сана мен бейсаналық арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыда Мәшһүр Жүсіп пен Бекет Атаның архетип бейнелері жеке тұлғаның «мендік» тұтастығын сақтаумен қатар, этностық кеңістік пен тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдеби архетип теориясы бойынша архетип бейнелердің құрылымы үш деңгейде қарастырылады: мазмұндық, формалық және эмоциялық. Мазмұндық деңгейде бейнелер тарихи және мәдени контекст арқылы дамиды. Формалық деңгейде олар белгілі бір сюжет, образ немесе аңыздарда тұрақты түрде көрініс табады. Эмоциялық деңгейде архетиптер адамның психикасына әсер етіп, эмоционалды және моральдық құндылықтарды қалыптастырады. Қазақ әдебиетінде бұл қағидалар аңыздар мен тарихи шығармалар арқылы айқын көрінеді.

Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің әулиелік бейнесі тек аңыздарда ғана емес, оның өлеңдерінде де көрініс табады. Ол қоғамның рухани дамуына бағытталған істерін, дін мен мәдениетті үйлестіре отырып, әдебиет арқылы халық сана-сезімін қалыптастырады. Аңыздарда оның немерелеріне деген қамқорлығы, дұға арқылы тылсым күш көрсетуі – әулие архетип бейнесінің көрінісі болмақ. Сол сияқты Бекет Ата аңыздарындағы көріпкелдік, әулиелік, қоғамға қамқорлық сияқты қасиеттері образдың рухани және моральдық жетекші тұлға ретіндегі архетип рөлін дәлелдейді.

Архетиптерді талдау әдебиеттану үшін тек символдық мәнді ғана емес, сондай-ақ психологиялық және мәдени өлшемді қарастыруға мүмкіндік береді. Олар мәдениет пен этностық тәжірибенің құрылымдық бірлігі ретінде әрекет етеді. Қазақ әдебиетінде бұл бейнелер жеке тұлғаның қалыптасуына, ұжымдық бейсана мен тарихи есте сақтауға ықпал етеді. Архетип бейнелердің эмоциялық және формалық тұрақтылығы әдеби шығармалардың мазмұнына әртүрлі уақыттар мен кеңістікте әсер етуге мүмкіндік береді.

Архетип ұғымы әдебиетте мәдениет, тарих және психология арасындағы байланысты айқындайтын негізгі концепция екені белгілі. Мәшһүр Жүсіп пен Бекет Атаның архетип бейнелері арқылы қазақ мәдениеті мен әдебиеті тұлғалық және ұжымдық бейсананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Архетиптер арқылы әдебиеттанушы тұлғаның рухани және моральдық қасиеттерін, мәдени құндылықтарын, сондай-ақ ұжымдық бейсаналық деңгейін зерттей алады. Тәсіл қазақ әдебиетінің тарихын тереңірек түсінуге, тұлғалық және ұжымдық мәндердің арақатынасын жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде архетип әдеби сыны теориялық тұрғыдан әдебиеттегі бейнелерді талдау үшін маңызды құрал болмақ, яғни жеке тұлғаның және этностың рухани-мәдени кеңістігін ғылыми тұрғыда айқындайды.

Архетип әдеби сыны қандай да бір әдеби шығарманың ерекшеліктерін (оның ішінде идеологияларын да) жоюды немесе елемеуді мақсат етпейді. Керісінше, нақ осы шығарманың өзіне тән ерекшеліктері мен архетип бейненің бұрынғы көріністерінің ерекшеліктері арасындағы айырмашылықтарды салыстыру барысында архетип сыны қызығушылық пен мағынаны табады. Назар архетипке де, архетип бейнеге де, мифке де, идеологияға да емес, әрдайым олардың өзара қатынасына аударылады. «The Spirit in Man, Art and Literature» еңбегінде Юнг архетип әдеби сынының міндеті берілген архетип бейне мен бұрынғы архетип бейнелер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қарастыру, сондай-ақ осы сәйкестіктер мен алшақтықтардың символдық салдарын түсіндіру екенін көрсетеді (Добсон, 2008). Қазақ халқының тарихи сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени және рухани мұрасы оның тұлғаларын, соның ішінде батырлар мен би-шешендерді, сондай-ақ ел басқарған хандарды бейнелеуде көрініс табады. Халық жадысында сақталған тарихи деректер мен аңыз әңгімелердің мазмұны әрқашан әдеби шығармаларда қолданылып, кейіпкерлердің архетип бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әдебиет теориясында архетип ұғымы Карл Юнгтің аналитикалық психологиясымен тығыз байланысты болып, ол адамның бейсаналық дүниесінде қайталанып көрінетін символдар мен образдарды білдіреді. Қазақ фольклорындағы Абылай хан бейнесі осы архетип құрылымның тамаша мысалы болады. Абылай ханның бейнесі көркем әдебиетте кеңінен сомдалған, бейне тек тарихи тұлғаның өмірі мен ерлігін сипаттаумен шектелмейді. Керісінше, ол ұлттық еркіндік, тәуелсіздік және батырлық рухтың символына айналған. Халық аңыздары Абылайдың жеке өмірін ғана емес, оның ұрпақтарының тағдырын да қамтып, кең ойлы әрі кемеңгерлі тұлғаның образын көрсетеді. Сонымен қатар аңыздарда елдің тұтастығын сақтау жолындағы Абылайдың еңбегі мадақталады, ал қазақ қоғамындағы ішкі қайшылықтар мен ру арасындағы шиеленістер де әділ суреттеледі. Бұл аспектілер арқылы Абылайдың бейнесі тек тарихи немесе батырлық сипатпен шектелмей, идеалды басшы архетипінің мәнін ашады.

Әдеби архетипология тұрғысынан Абылай хан – ақылды, кең ойлай білетін, елінің тағдырын мойнына алатын дара тұлға ретінде бейнеленеді. Архетип бейнелерде тұлға қарапайым адамдық қасиеттерден бөлек, ерекше рухани және моральдық қасиеттермен айрықша сипатталады. Абылайдың бейнесі, мысалы, М.-Ж. Көпеевтің «Абылай хан дәуірі», «Бір ертегі», «Абылай ханның түсі», «Олжабай батыр» аңыз әңгімелерінде кеңінен көрсетілген. Бұл шығармаларда Абылайдың мінез-құлқы, батырлармен қарым-қатынасы, ел басқарудағы шешімдері көркемдік қиялмен әрленіп, оқырманға айқын образ ретінде ұсынылады.

Қ.Халидұлының аңызында да Абылайдың батырларын жігерлендіру жолындағы әрекеті нақты мысалмен көрсетіледі. Шыңғыстауда қалмақтар бекініп, көп адам шығындалған кезде Абылай хан былай деп жариялайды: «Қамалды кім бұзса, хандығымды соған беремін» (Дәуіт, 1993: 343). Бұл сөз батырлар үшін үлкен сынаққа айналады. Қолбасылар бірнеше рет шабуыл жасаса да, қалмақтарды жеңе алмайды. Ақырында Қабанбай мен Еспенбет батырлар аз адаммен қалмақтардың бекінісін бұзып кіріп, жеңіске жетеді. Сол үшін Абылай Қабанбайға «хан» атағын береді, ал Еспенбетке қымбат бағалы кестелі жарғақ тон сыйлайды. Осы арқылы тек тарихи

оқиға емес, сонымен қатар архетиптік батырлық және адалдық қасиеттерінің көрінісі де айқын көрсетіледі. Бұл аңыз Абылайдың басшылық қасиетін және әділдікті бағалауын аша отырып, оның архетиптік бейнесін нығайтады.

Архетип талдаудың теориялық негізін Карл Юнгтің «ұжымдық бейсаналық» ұғымынан табуға болады. Юнгтің пікірінше, архетиптер – адамзат санасында қайталанып көрінетін универсалды образдар. Қазақ фольклорында Абылай хан бейнесі осы универсалды басшы архетипіне сәйкес келеді: ол тек тарихи хандардан ғана құралмай, сонымен қатар батырлық, дана басшылық, халық қамын ойлау сияқты қасиеттерді символдайды. Мысалы, Абылайдың батырларын жігерлендіру әрекеті мен әділдік сыйлау тарихта болған нақты оқиғаға сүйенсе де, аңыздарда ол архаикалық қаһарман бейнесіне айналады. Бұл процесс көркемдік қиял мен фольклорлық дәстүр арқылы жүзеге асады.

Аңыздардағы Абылайдың бейнесінде сонымен қатар оның айналасындағы нөкерлер, ру көсемдері мен батырлардың әрекеті де маңызды рөл атқарады. Аңыздар тек басты кейіпкердің ерлігін сипаттап қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік және саяси қатынастарды да көрсетеді. Мысалы, Қабанбай мен Еспенбет батырлар арқылы көрсетілген ерлік пен адалдық, халыққа қызмет етуге деген құрмет Абылай хан бейнесін толықтырады. Осы арқылы аңыздарда елдің басқарылуы, батырлар мен хан арасындағы байланыс, ұлттық бірліктің маңызы көрініс табады.

Архетип талдау аясында Абылай хан бейнесінің бірнеше ерекшелігін бөліп көрсетуге болады: ақылдылық пен кеменгерлік, Абылай хан әрқашан елдің мүддесін бірінші орынға қоя білген, батыл шешімдер қабылдауда даналық танытқан. Ел қамын ойлау: халық аңыздарында Абылай тек жеке мүдде үшін емес, бүкіл қазақ қоғамының тұрақтылығы үшін әрекет еткен. Ерлік пен батырлық: батырлармен байланыс, сынақтардан өту, қалмақтарға қарсы әрекет сияқты оқиғалар арқылы батырлық қасиеттері айқын көрінеді. Әділдік: аңыздарда ханның әділдігі, сыйлықтар мен атақтар беру арқылы батырларды марапаттауы айқын бейнеленген. Мысалы, аңызда Қабанбай мен Еспенбет батырлардың қалмақ бекінісін аз адаммен бұзу әрекеті тек тарихи шынайылыққа негізделмей, архетип ерлік бейнесі ретінде жеткізіледі. Бұл архетип – «батырлық сынақтан өту» архетипі, ол әдебиеттануда қаһармандық үлгіні сипаттайтын маңызды компонент болып саналады.

Сонымен қатар Абылай бейнесі тек батырлық сипатпен шектелмей, халық арасындағы моральдық және рухани үлгілерді де қамтиды. Аңыздар мен әңгімелерде Абылайдың әрекеттері қоғамдағы тәртіп, әділдік, батырлық пен даналыққа қатысты идеалдарды көрсетеді. Бұл аспектілері арқылы Абылай хан бейнесі мәдени архетип ретінде қалыптасады, яғни ол нақты тарихи тұлға ғана емес, қазақ мәдениетіндегі идеал басшы бейнесін білдіреді. Халықтың ой елегінен өтіп, әдеби шығармаларға айналған аңыздарда Абылай бейнесі әрқашан ерекше назарда болады. Мысалы, М.-Ж. Көпеев шығармаларында Абылайдың көрегендігі, батырларын жігерлендіру тәсілдері, ел қамын ойлауы кеңінен сипатталған. Әдебиет зерттеушілері бұл туындыларды тек көркем шығармалар ретінде емес, мәдени архетипті бейнелеудің маңызды дерегі ретінде қарастырады. Аңыздарда Абылайдың өміріндегі нақты оқиғалар мен қиял элементтері үйлесіп, оның бейнесін жан-жақты ашады.

Қазақ фольклорындағы Абылай хан бейнесі тарихи шындыққа сүйене отырып, көркемдік қиял арқылы архетип деңгейге көтерілген. Ол – ақылды, кемеңгер, батырлыққа толы, әділ басшы архетипінің көрінісі. Аңыздардағы кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы халық идеал хан бейнесін қалыптастырған. Сондай-ақ бұл бейне тек тарихи тұлғаның өмірін сипаттап қана қоймай, қазақ мәдениеті мен руханиятының маңызды элементін көрсетеді. Архетип әдеби сыны тұрғысынан Абылай хан бейнесін талдау оның мәдени және психологиялық мәнін аша отырып, ұлттық сана мен тарихи жадының қалыптасуына үлес қосады.

Қазақ аңыз-әңгімелерінде архетиптік бейнелер жеке бір тарихи тұлғаның өмірбаянын ғана емес, халықтың ғасырлар бойы жинақтаған моральдық-этикалық, құқықтық және рухани тәжірибесін жинақтаушы көркем модель ретінде көрініс табады. Архетиптер мәтін құрылымында образ, мотив, сюжет және символ деңгейлерінде жүйелі түрде жүзеге асады. Аңыздардағы Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бейнелері – «әділ би» архетипінің классикалық үлгісі. Олар нақты тарихи тұлға бола отырып, мәтінде дара адамнан жоғары тұрған, халықтың құқықтық санасын бейнелейтін жинақталған образға айналады. Мысалы, Қазыбектің ер дауын шешу барысында жеке тараптардың сөзін емес, әділеттің өзін сөйлетуі – архетиптік би образының басты белгісі. Осы тұста кейіпкердің мінезі емес, оның ұстанымы алдыңғы қатарға шығады. Сол сияқты, жас Әйтекенің бала күйінде төрелік айтуы «данышпан бала» архетипін танытады. Осы образ арқылы даналықтың жасқа тәуелді еместігі, ақыл мен әділеттің туа біткен қасиет екені көркем түрде танылады.

Тарихи тұлғалар бейнеленген аңыздар нұсқаларында жиі қайталанатын негізгі мотив – әділ төрелік пен шындықты орнату. Ерге таласу, даулы мүлік, қорлыққа ұшыраған адам – бұлар архетиптік конфликтіні тудыратын мотивтер. Мәселен, Қазыбек бидің дауды шешу сәтінде өлеңдетіп, тұспалдап сөйлеуі – сөздің киелі күшіне сену мотивімен сабақтас. Бұл мотив халық санасында сөздің тек қарым-қатынас құралы емес, әділетті қалпына келтіретін сакралды құрал екенін көрсетеді. Ал Төле бидің бастапқыда әділеттен тайқып, кейін Қазыбек сөзіне тоқтауы – адамның өзін-өзі тану, қателігін мойындау мотиві арқылы би архетипінің ішкі этикалық өлшемін ашады.

«Төле бидің сөзге тоқтауы», «Төле бидің төреліктері», «Қарлығаш әулие» аңыз нұсқаларының сюжеті көбіне қақтығыс – сынақ – әділ шешім – қоғамдық тепе-теңдіктің қалпына келуі схемасы бойынша өрбиді. Құрылым – архетиптік сюжет үлгісі. Мысалы, ерге байланысты дауда бастапқыда әділетсіздік үстемдік етеді, алайда Қазыбек бидің төрелігі арқылы тек жеке адамның емес, тұтас елдің бірлігі сақталады. Сюжеттің мұндай шешімі би тұлғасын қоғамның моральдық тірегіне айналдырады.

Ал Әйтеке туралы аңызда жол үстіндегі кездейсоқ кездесу сюжеттік жағынан қарапайым көрінгенімен, оның нәтижесі – жаңа би тұлғасының танылуы. Бұл «тағдыр таңдауы» архетиптік сюжетін көрсетеді. Аңыздардағы заттық детальдар да архетиптік мәнге ие. Ер – жай ғана мүлік емес, ар мен мәртебенің символы. Ерге таласу арқылы адамдар намысқа, әділетке таласады. Қамшы мен тымақ – билік пен сөз айту құқығының белгісі. Әйтекенің қамшыны екі жаққа шаншып, ерді ортаға

коюы – әділеттің екі тараптан да жоғары тұратынын білдіретін символдық әрекет. Сондай-ақ Қазыбек бидің өлеңмен айтқан төрелігі – сөздің тылсым күші мен заң ретіндегі рөлін айқындайтын символдық код.

Аңыз-әңгімелердегі архетиптік механизмдер тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Би, батыр, әулие бейнелері арқылы жас ұрпақ әділдік, жауапкершілік, сабыр, ел бірлігі секілді құндылықтарды көркем мәтін арқылы бейсаналы түрде меңгереді. Осы тұрғыдан алғанда, аңыз кейіпкерлері – ұлттық тәрбиенің көркем-психологиялық тетігі.

4. Зерттеу нәтижесі

Қазақ аңыз-әңгімелерінің ұлттық мәдениеттегі орны ерекше, олар тек тәрбиелік, танымдық және ғибраттық мәнге ие емес, сонымен қатар эстетикалық құндылықтарды сақтай отырып, тарихи ақпаратты жеткізетін маңызды мәдени құрал. Мұндай шығармаларда архетип кейіпкерлер кеңінен кездеседі, олар арқылы қоғамның рухани және моральдық құндылықтары көрініс табады. Архетип әдеби сыны тұрғысынан талдау арқылы аңыздардағы кейіпкерлердің тұлғалық және қоғамдық рөлдерін тереңірек түсінуге болады.

Тақырыптық тұрғыдан қазақ аңыздары бірнеше негізгі топқа бөлінеді: мекендік, махаббат, батырлық және тарихи аңыздар. Мекендік аңыздарда табиғат көріністері мен елдің жергілікті ерекшеліктері арқылы халықтық сана мен рухани тәжірибе бейнеленеді. Махаббат тақырыбы әдетте жеке тұлғаның эмоциялық және моральдық дамуына бағытталған. Батырлық аңыздарда батырлар мен қаһармандардың ерліктері, қоғамдық жауапкершілігі, әділдік пен адамгершілік идеялары арқылы жалпы этностық құндылықтар беріледі. Тарихи аңыздар болса, нақты оқиғалар мен тарихи тұлғаларға негізделіп, халық есінде сақталған тарихи сана мен мәдени есте қалуды қамтамасыз етеді. Дегенмен зерттеу аясында барлығы толық қамтылмағандықтан, барлық аңыздық материалдарды бір зерттеу нысанына енгізу мүмкін болмады.

Аңыздар көбіне нақты өмірде болған тұлғалар мен оқиғаларға сүйенеді. Ел есінде сақталған дана, батыр, ел басқарған қайраткерлер, сондай-ақ халық даналығының символына айналған тұлғалар – аңыздық прозаның басты кейіпкерлері болып есептеледі. Мысалы, Асан Қайғы, Алдар Көсе, Жиренше Шешен, Қожанасыр, Қорқыт және тағы басқа тұлғалар қазақтың ауыз әдебиетінде даналық пен моральдік үлгі ретінде көрсетіледі. Нақты тарихи есімдерге негізделген аңыздарда Бегім ана, Қорқыт, Шыңғыс хан, Жошы, Тоқтамыс, Темір, Абылай, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет Ата, Мәшһүр Жүсіп сияқты тұлғалардың халық жадындағы бейнелері көрініс табады.

Архетип әдеби сыны тұрғысынан қарастырғанда, аңыз кейіпкерлері қоғамның бейсаналық деңгейінде қалыптасқан алғашқы бейнелерге сәйкес келеді. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің бейнесі аңыздарда әулиелік сипатта көрінеді, оның немерелерімен сапарға шыққан кезінде дастарқанның өздігінен жайылуы арқылы бейнеленген тылсым күш архетиптің эмоционалды энергиясын көрсетеді. Юнгтің тұжырымдама-сы бойынша, мұндай бейнелер мазмұннан гөрі эмоциялық қуатқа ие, олар адамның психикасында терең әсер қалдырады. Сол сияқты, Бекет Ата архетипі аңыздарда оның көріпкелдігі, әулиелігі, қоғамға қамқорлығы арқылы көрініс табады. Жеті

балапанға ұшып баруы және этностық рухани кеңістікті қорғауы оның архетиптік рөлін нығайтады.

Архетип талдау әдебиеттанушыларға аңыздардағы тұлғалық ерекшеліктерді жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Архетиптер тек жеке тұлғаның моральдік және рухани қасиеттерін ғана емес, сонымен қатар қауымдық сананы, тарихи есте қалуды, мәдениет пен дәстүрдің берілуін көрсетеді. Мысалы, батырлық аңыздарда көрсетілген қаһармандардың ерлігі мен әділдігі ұлттық құндылықтарды, махаббат аңыздарында бейнеленген жеке тұлғаның эмоционалды тәжірибесі әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастырады. Мекендік аңыздар арқылы халық табиғатқа, жерге деген қатынасын және тарихи-мәдени кеңістігін сақтайды.

Қазақ әдебиетінде аңыздар тек мәтіндік дерек ретінде ғана емес, күй өнері арқылы да бүгінге жеткен. Мысалы, «Ақсақ құлан», «Тепеңкөк», «Нариген», «Шұбар киік» сияқты күй шығармалары аңыздық оқиғаларды музыкалық формада сақтап, оларды халықтық сана мен мәдениетке интеграциялайды. Бұл құбылыс архетиптердің тек әдеби мәтінде ғана емес, музыкалық және ауыз әдебиетінде де тұрақты көрініс табатынын дәлелдейді.

Аңыздардағы кейіпкерлердің барлығы архетиптік тұрғыдан талдауға лайық. Әрбір тұлға белгілі бір рөлді, мәдени немесе моральдық үлгіні, қауымдық тәжірибені білдіреді. Архетип талдау арқылы аңыз кейіпкерлерінің эмоциялық және психологиялық әсерін анықтау мүмкіндігі туындайды. Мысалы, Бекет Атаның аңыздардағы әрекеттері мен қасиеттері қауымдық сананың қалыптасуына, рухани және моральдық бағытты анықтауға үлес қосады. Сол сияқты, Мәшһүр Жүсіптің бейнесі қазақ әдебиетінде тек ақындық немесе тарихи тұлға ретінде ғана емес, әулиелік архетип ретінде де зерттеледі, оның шығармашылық және рухани мұрасы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің дамуына әсер етеді.

5. Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ аңыз-әңгімелері мен олардағы архетип бейнелер ұлттық мәдениеттің маңызды элементтері болмақ. Олар тәрбиелік, танымдық, ғибраттық, эстетикалық және тарихи құндылықтарды сақтай отырып, қоғамның рухани-мәдени кеңістігін қалыптастырады. Архетип талдау аңыздардағы тұлғалық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге, әдебиет пен психология арасындағы байланысты зерттеуге мүмкіндік береді. Мәшһүр Жүсіп пен Бекет Атаның архетиптік бейнелері, сондай-ақ тарихи тұлғалар мен халықтық кейіпкерлер ұлттық сана мен мәдениетке елеулі үлес қосқанын көрсетеді.

Осылайша, аңыздар тек тарихи оқиғаларды немесе нақты тұлғаларды баяндаумен шектелмейді, олар қоғамның моральдық, психологиялық және рухани өмірін бейнелейтін символдық жүйе ретінде қызмет етеді. Архетиптер арқылы зерттелген аңыздар әдебиеттану, этнология, психология және мәдениеттану салаларында кешенді талдау жасауға мүмкіндік береді. Олар ұлттық сана мен мәдени мұраны сақтап қана қоймай, кейінгі ұрпаққа мәдени және рухани сабақ ретінде жетеді.

Және қазақ аңыз-әңгімелері ұлттық рухани мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, халықтың тарихи жады мен ұжымдық санасында қалыптасқан архетиптік бейнелер жүйесін сақтап жеткізеді. Зерттеу барысында аңыз кейіпкерлерінің образ,

мотив, сюжет және символ деңгейлерінде жүзеге асатын архетиптік механизмдері айқындалды. Би-шешендер, батырлар мен әулие тұлғалар туралы аңыздарда әділдік, ерлік, даналық, жауапкершілік және ел бірлігі секілді әмбебап құндылықтар көркем модель ретінде ұсынылатыны анықталды.

Аңыздық мәтіндердегі архетиптер нақты тарихи тұлғалар бейнесі арқылы жинақталып, уақыт өте келе символдық және мифологиялық сипатқа ие болады. Бұл үдеріс ұжымдық жадының үздіксіз жаңғыруын қамтамасыз етіп, өткен мен бүгін арасындағы рухани сабақтастықты сақтайды. Сонымен қатар архетиптік бейнелердің тәрбиелік әлеуеті олардың білім беру үдерісінде рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың тиімді құралына айналуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазақ аңыз-әңгімелерін архетиптік тұрғыдан талдау ұлттық дүниетанымды терең тануға, тарихи тұлғалардың мәдени семиотикалық кеңістіктегі орнын айқындауға және аңыздық мұраны қазіргі гуманитарлық ғылым талаптарына сай жаңа қырынан зерделеуге жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Абдырова А.О. Әдебиетші-ғалым Қ. Жүсіптің ғылыми еңбектеріндегі архетиптік бейне және шығармашылық түпсана // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 2. – DOI: 10.48081/FXAB9069.
2. Аңыз әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2023.
3. Бабалар сөзі: жүз томдық. – 85–89-т. – Астана: Фолиант, 2013.
4. Әдеби мұра. – Алматы: Жазушы, 1970.
5. Бабосов Е.М. Карл Густав Юнг. – Мәскеу: Книжный дом, 2009.
6. Абылай хан / құраст. С. Дәуіт. – Алматы: Жазушы, 1993.
7. Демесинова Л., Ысқақова Ж., Қажыбай А., Сұлтан Е., Рахымбаева Г., Хасенов Б. (2025). Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «үй» мен «үйсіздік» архетипі. Forum for Linguistic Studies. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i6.9942>
8. Добсон Д. (2005). Постмодерндегі архетиптік әдебиет теориясы. Юнгиандық ғылыми зерттеулер журналы, 1(1). <https://doi.org/10.29173/jjs90s>
9. Ғабдуллин М. Еңбектерінің он бір томдық жинағы. VI том. – Алматы, 2018.
10. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы: зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014.
11. Қосбармақ Р. Бекет ата. – Алматы: Информ-А, 2015.
12. Мелетинский Е.М. Әдеби архетиптер туралы. – Мәскеу: Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті, 1994.
13. Мұқтарұлы С. Шоқан және өнер. – Алматы: Өнер, 1985.
14. Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Екібастұз: PrimaLux, 2008.
15. Потанин Г.Н. Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны туралы мәліметтер // Ш. Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағы. – 4-т. – Алматы: Қазақ кеңес энциклопедиясы, 1968. – 310-б.
16. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2023.
17. Тарихи және күй аңыздар. – Алматы: Атамұра, 2023.
18. Юнг К.Г. Жан және миф: алты архетип / ағылшын тілінен ауд. – Киев: Украина жасөспірімдер мемлекеттік кітапханасы, 1996.
19. Юнг К.Г., Нойманн Э. Психоанализ және өнер. – Мәскеу; Киев: Рефл-бук; Ваклер, 1998. – 302 б.

References:

1. Legendary Stories. (2023). Almaty: Atamura. (kaz)
2. Literary Heritage. (1970). Almaty: Zhazushy. (kaz)

3. Abdyrova A.O. (2023). The archetypal image and creative subconscious in the scholarly works of literary scholar Q. Zhusip. *Toraighyrov University Bulletin. Philological Series*, (2). <https://doi.org/10.48081/FXAB9069> (kaz)
4. *Words of the Ancestors: One Hundred-Volume Collection*. (2013). (Vols. 85–89). Astana: Foliant. (kaz)
5. Babosov E.M. (2009). *Carl Gustav Jung*. Moscow: Knizhnyi Dom. (rus)
6. Daut S. (Ed.). (1993). *Abylai Khan*. Almaty: Zhazushy. (kaz)
7. Demessinova L., Iskakova Zh., Kazhybay A., Sultan Y., Rakhimbayeva G., & Khasenov B. (2025). The home/homeless archetype in modern Kazakh literature. *Forum for Linguistic Studies*, 7(6), 508. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i6.9942> (eng)
8. Dobson D. (2005). Archetypal literary theory in the postmodern. *Journal of Jungian Scholarly Studies*, 1(1). <https://doi.org/10.29173/jjs90s> (eng)
9. Gabdullin M. (2018). *Collected Works in Eleven Volumes* (Vol. 6). Almaty. (kaz)
10. Jung C.G. (1996). *Soul and Myth: Six Archetypes* (Trans. from English). Kyiv: State Library of Ukraine for Youth. (rus)
11. Jung C.G., Neumann E. (1998). *Psychoanalysis and Art*. Moscow; Kyiv: Refl-Buk; Vakler. (rus)
12. Meletinsky E.M. (1994). *On Literary Archetypes*. Moscow: Russian State University for the Humanities. (rus)
13. Muqtaruly S. (1985). *Shokan and Art*. Almaty: Oner. (kaz)
14. Pazylov A. (2008). *The Chronicles of the Ancestors and Mashhur-Zhusip Kopeev*. Ekibastuz: PrimaLux. (kaz)
15. Potanin G.N. (1968). Biographical information about Chokan Valikhanov. In *Collected Works of Chokan Valikhanov* (Vol. 4, p. 310). Alma-Ata: Kazakh Soviet Encyclopedia. (rus)
16. Qasqabasov S. (2014). *Kazakh Folk Prose: Studies*. Astana: Foliant. (kaz)
17. Qosbarmaq R. (2015). *Beket Ata*. Almaty: Inform-A. (kaz)
18. Seidimbek A. (2023). *Kazakh Oral History: A Study*. Astana: Foliant. (kaz)
19. *Historical and Kui Legends*. (2023). Almaty: Atamura. (kaz)